



QORQYT ATA
UNIVERSITY

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

**«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті»
КеАҚ 2021-2025 жылдарға арналған
Стратегиялық даму жоспары**

Құрметті достар!

Сіздердің назарларыңызға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы ұсынылады.

Бұл құжатты әзірлеуге жетекші ғалымдар, оқытушылар, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, білім алушылар тартылды. Бұдан бөлек, мақсатты индикаторларды, мақсатқа жету көрсеткіштерінің есептемесі мен өсу қарқынын айқындау және жекелеген стратегиялық бағыттарды талқылау үшін кеңес берушілер ретінде жұмыс берушілер тартылды.

Стратегиялық жоспарлаудың негізгі идеясы - Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін инновациялық-кәсіпкерлік ЖОО-на айналдыру. Университет алдында ең алдымен, ғылымды, технопарктер мен бизнес-инкубаторларды дамыту, ғылыми және білім жобалары арқылы қаражат тарту міндеті тұр. Оқытушылар университет қабырғасында тек білім қағидаларына ғана оқытып қоймай, осы дағдылар арқылы табыс табуға да үйретулері тиіс.

Университеттің стратегиялық даму жоспары біздің университеттің көпжылдық тарихында қалыптасқан қағидаттар мен құндылықтарды ұстана отырып, университеттің мақсаттары мен миссияларына дәйекті қол жеткізудегі ұжымның ұстанымын айқындайды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің мақсаттары жоғары, жоспарлары нақты. Олардың орындалуы сапалы білім беруді қамтамасыз етуге, жаңа биіктерге жетуге және өңір мен Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.

Басқарма төрағасы-ректор

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ

Кәрімова Бейбіткүл Сарсемханқызы



УНИВЕРСИТЕТ ДАМУЫНЫҢ МАҚСАТТЫ МОДЕЛІ

Миссиясы:

Білім мен ғылым интеграциясы, жаңа білімдер мен технологиялар генерациясы мен трансферті негізінде қоғамның дамуы мен өзгеруі үшін тұлғалық және кәсіби әлеуетін толыққанды іске асыра алатын жоғары білікті кадрлар даярлаудың сапалы деңгейін қамтамасыз ету.

Көрінуі:

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – әлемдік ғылыми-білім кеңістігіне интеграцияланған, одан әрі халықаралық табысты тұрақтандырылатын инновациялық-кәсіпкерлік ЖОО.

Стратегиялық дамудың мақсаты

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Даму стратегиясы еліміздің және өңірдің экономикасы мүддесінде түлектердің, білім беру бағдарламаларының, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің сапасы мен қажеттілігін қамтамасыз ететін заманауи инфрақұрылымы, инновациялық білім беру, ғылыми және әлеуметтік қызметі бар инновациялық-кәсіпкерлік жоғары оқу орнына айналуға бағытталған.

Құндылықтар:

Ашықтық

Адалдық

Сапа

Инновациялылық

Әлеуметтік
жауапкершілік

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ӘЛЕУЕТІН ЖОҒАРЫЛАТУ

Мақсат:


Университетті корпоративті басқарудың тиімді жүйесін жасау және кадрлық әлеуетін күшейту;

Міндеттер:

- кәсіпкерлік қызмет құндылықтарына бағдарланған корпоративтік мәдениетті, корпоративтік әдепті дамыту;
- ребрендинг және HR, PR, жобалық менеджмент арқылы университеттің тартымдылығын арттыру;
- дарын-менеджмент енгізу;
- университеттің оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлерінің IT және кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту, ағылшын тілін білу деңгейін арттыру;
- университет персоналының санын оңтайландыру;
- ОПҚ мен қызметкерлерді ынталандыру және мотивация жүйелерін жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- дамыған корпоративтік мәдениет;
- жобалық менеджмент қағидалары негізінде бағдарламалық-мақсатты басқару;
- университеттің ұйымдық архитектурасының жаңа моделі;
- дарындарды тарту және ұстауға бағытталған HR жүйесі;
- жоғары ғылыми-педагогикалық әлеуеті бар ОПҚ;
- 2025 жылға қарай ОПҚ және қызметкерлердің жалақыларын кезең-кезеңмен ұлғайту;
- Эндаумент қорын құру;
- зерттеу және жобалау қызметіне (профессор-зерттеуші, оқытушы-зерттеуші) баса назар аудара отырып, жоғары оқу орнының біліктілік стандарттарын (кәсіптік стандарттарды) әзірлеу, ағылшын тіліндегі даярлау, кәсіби біліктілікті тұрақты арттыру;
- 2025 жылға қарай 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесін 15% - ға дейін арттыру.



БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАМТАМСЫЗ ЕТУ

Мақсат:

Елдің, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарына сәйкес келетін ұсынылатын білім беру қызметін жетілдіру.

Міндеттер:

- халықаралық стандарт тәжірибелерін және жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере отырып білім беру бағдарламаларының редизайны;
- кәсіпкерлік білім мен дағдыларды қалыптастыру, өз бизнесін ашу мақсатында бакалавриат білім беру бағдарламаларының мазмұнына кәсіпкерлік білім элементтерін енгізу;
- оқытудың инновациялық технологияларын дамыту;
- ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын, бірлескен және қосдипломды бағдарламаларды әзірлеп, енгізу;
- ОПҚ мен білім алушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықтарын белсендіру;
- цифрлық білім ресурстарын, желілерді және жаппай ашық онлайн-курстардың платформаларын (MOOCs) дамыту;
- білімге сұраныстары айрықша адамдар үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қол жеткізу қызметін жүргізу.

Күтілетін нәтижелер:

- 2025 жылға қарай университеттің білім беру бағдарламаларын 100%-дық аккредиттеу;
- университеттің білім беру бағдарламаларының 30% ұлттық және халықаралық агенттіктер өткізетін рейтингтерде үздік үштікте;
- бакалавриаттың барлық дайындау бағыттары үшін БББ-на «Кәсіпкерлік», «Технологиялық кәсіпкерлік», «Жобалау қызметі» пәндерін енгізу;
- 2025 жылға қарай бірлескен және қосдипломды бағдарламалар, ағылшын тіліндегі білім бағдарламалары – 32;
- жыл сайын бакалавриат бітірушілерді еңбекпен қамту - кемінде 80% және магистратура мен докторантураны —100%;
- білімге сұраныстары айрықша адамдар үшін бейімделген білім беру ортасын құру.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕНІ ДАМУ

Мақсат:

Ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірленімдерді дамыту, университеттің ғылыми зерттеулерінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосатын үлесін арттыру.

Міндеттер:

- зерттеулер жүргізу және инновациялар мен кәсіпкерліктің таралуына ықпал ететін технологиялар мен идеялар трансферті;
- ғылым, білім және инновацияларды тиімді интеграциялауды қамтамасыз ету, оның ішінде ғылыми әзірленімдерді коммерцияландыру және алға жылжыту үшін «білім-ғылым-өндіріс» моделі негізінде өнеркәсіптік кәсіпорындар мен бизнес-құрылымдарды белсенді тарту арқылы ғылыми жобаларды жүзеге асыру;
- рецензияланатын халықаралық басылымдарда (Web of Science және Scopus базасына енетін) оқытушы-профессор құрамының жарияланымдық белсенділігін арттыру;
- заманауи ғылыми жетістіктердің нәтижелерін оқу процесіне трансферттеуді қамтамасыз ету;
- университет ғалымдарының ғылыми-техникалық әзірленімдерін алға жылжыту бойынша белсенді маркетингтік саясат;
- университеттің оқытушылары, білім алушылары мен түлектерінің бизнес-идеялары мен start-up жобаларын жүзеге асыру;
- шетелдік ЖОО-ы және ғылыми орталықтармен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу;
- университеттің ғылыми-зерттеу зертханасының базасын жаңғырту, жетекші ғылыми орталықтардың зертханаларына қол жеткізу;
- «Қорқыт ата атындағы ҚУ Хабаршысы» ғылыми журналын ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне және импакт-факторы нольдік емес басылымдар тізбесіне енгізу.

Күтілетін нәтижелер:

- ғылыми зерттеулердің нәтижелерін коммерцияландыру – 2025 жылға қарай кемінде 5;
- Республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылып, орындалатын ғылыми жобалардың саны 2025 жылға қарай -22;
- импакт-факторлы ғылыми журналдарда (Web of Science, Scopus) ОПК жарияланымдарының санын ұлғайту – 2025 жылға қарай 450;
- start-up жобалар саны – 2025 жылға қарай кемінде 35 бірлік;
- start-up компаниялар саны – жыл сайын кемінде 3- 5 бірлік;
- «білім-ғылым-өндіріс» моделі бойынша орындалатын ғылыми жобалар саны – 2025 жылға қарай 10 жоба;
- университеттің заманауи зерттеушілік инфрақұрылымы: жаңғыртылғын «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана және заманауи ғылым-білім орталығы мен демалыс аймағына қайта құрылған Агробиологиялық участка;
- «Қорқыт ата атындағы ҚУ Хабаршысы» ғылыми журналы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне және импакт-факторы нольдік емес басылымдар тізбесіне енеді (Жаратылыстану, техникалық ғылымдар, білім және гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар сериялары);
- SciVal (НУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәжірибесі бойынша).

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМУ

Мақсат:

Мемлекеттік жастар саясатына және «Рухани жағыру» бағдарламасына сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды, интеллектуалды және физикалық дамуды нығайту, студенттер арасындағы азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік белсенділікті арттыру.

Міндеттер:

- жастардың өзін өзі жүзеге асыруы мен олардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы қолайлы білімдік ортамен қамтамасыз ету;
- меценаттармен, табысты кәсіпкерлермен, бизнес құрылым басшыларымен кездесулер ұйымдастыру арқылы білім алушылардың кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру;
- жастардың мәдениет, спорт, өнер, ғылым және инновациялар саласындағы жобаларына қаржылық қолдау көрсету;
- мүмкіндігі шектеулі студенттер, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер, көпбалалы отбасынан шыққан студенттер, сондай-ақ дарынды білім алушыларға қолдау көрсетуде университетте қалыптасқан дәстүр негізінде білім алушыларға атаулы көмек, материалдық және моралдық көтермелеудің қолда бар жүйесін жетілдіру;
- білім алушылар арасында еріктілер қозғалысын кеңейту.

Күтілетін нәтижелер:

- командада жұмыс істей алатын және кәсіпкерлік машықтары бар бәсекеге қабілетті, креативті, коммуникативті жастар;
- білім алушылардың 25% еріктілер қозғалысына тартылған;
- білім алушылар мен қызметкерлердің психикалық денсаулығын қолдау және нығайтуға арналған психологиялық қолдау орталығы, оқу қызметі мен толық әлеуметтенуі үшін қолайлы психологиялық-әлеуметтік және әлеуметтік-педагогикалық жағдайлар жасау;
- Coworking орталық - студенттік креативтік идеялардың генераторы және шығармашылық көркемөнер көрмелерін, шеберлік кластар, конкурстар мен воркшоп фестивальдерін, әлеуметтік бастамалар ұйымдастыру.
- Сараптама орталығы аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге көмектесу.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ

Мақсат:

Университеттің халықаралық тартымдылығын арттыру

Міндеттер:

- Университетті интернационалдандыру стратегиясын жүзеге асыру;
- ОПҚ мен білім алушылардың халықаралық ұтқырлығын кеңейту;
- шетелдік жетекші университеттерден ғалымдар мен мамандарды дәрістер оқуға және сабақтар өткізуге шақыру;
- шетелдіктерге арналған Қазақстан Республикасының Стипендиялық бағдарламасына қатысу үшін шетелдік студенттерді тартуға кафедралардың белсенді қатысуы;
- ОПҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың халықаралық ғылым-білім бағдарламаларына, жобаларға және Еуропалық Одақтың (Эразмус+) гранттарына, алыс және жақын шетелдің халықаралық қорлары мен ұйымдарының гранттарына белсене қатысуы;
- университеттің халықаралық форумдарға, көрмелерге және шетелдегі Қазақстанның Білім күндеріне қатысу белсенділігін арттыру;
- шет елдерде университеттің өкілдіктерін/офистерін ашу.

Күтілетін нәтижелер:

- 2025 жылға қарай шетелдік жоғары оқу орындарында оқудан немесе ғылыми тағылымдамадан өткен білім алушылардың үлесі: бакалавриатта-1,8%; магистратурада-4,2%;
- шетелдік жоо-да ғылыми тағылымдамадан немесе оқытудан өткен білім алушылар үлесі – 3% ;
- 2025 жылға қарай дәріс оқуға тартылған шетелдік ғалымдар мен мамандардың үлесі ОПҚ –ның жалпы санынан 6%;
- сыртқы академиялық ұтқырлыққа қатысатын университет оқытушыларының үлесі –ОПҚ жалпы штатынан 3%;
- 2025 жылға қарай шетелдік студенттердің үлесі білім алушылардың жалпы контингентінен – 1,4%;
- дәрістер оқуға тартылған шетелдік профессорлардың саны – жылына кемінде 10;
- дайындық бөлімшесінің шетелдік тыңдаушылары мен студенттер үлесі білім алушылардың жалпы контингентінен – кемінде 3%;
- Халықаралық жобалар мен шәкіртақы бағдарламалары орталығы; ағылшын тілі бойынша халықаралық емтихандардан TOEFL тест жүргізудің аймақтық орталығы; Шетел тілдерін оқыту орталығы - 2021 жыл;
- Халықаралық университеттер қауымдастығына (IAU), Еуропалық университеттер қауымдастығына (EUA), энергетикалық университеттердің Дүниежүзілік желісіне (WEUN)(Қытай) мүшелік;
- шекаралас мемлекеттерде өкілдіктер/офистер ашу – 4.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ

Мақсат:

Университеттің заманауи инфрақұрлымын және ОПҚ-ң жұмыс істеуі мен студенттердің білім алуына қолайлы жағдайлар жасау.

Міндеттер:

- бірлескен мамандандырылған заманауи білімдік-зерттеушілік зертханаларын ашу;
- ғылыми зертханаларды, оқу сыныптары мен пәндік кабинеттерді инновациялық жабдықтармен, мультимедиялық және бағдарламалық қамтамасыз ету;
- университеттің материалдық-техникалық базасын жаңарту (FTK ремейк, студентік кафе, студенттердің Digital орталығы, релаксация бұрышы, лекция залдары, конференц холлдар, ультразаманауи конференц-зал, спорт алаңдарын ашу);
- «Виртуалды университет 4.0» тұжырымдамасын іске асыру;
- университеттің білім беру қызметін одан әрі цифрландыру;
- мүмкіндігі шектеулі студенттердің білім беру ресурстарына кедергісіз қол жеткізуіне жағдайлар жасау;
- көпсалалы колледждің ашылуы;
- «Оқу-өндірістік орталық» ЖШС ашылуы;
- Агробиологиялық орталық негізінде демалыс және жаттығу орындарын құру спортпен айналысу орнын жасау.

Күтілетін нәтижелер:

білім алушылар мен оқытушылардың жан-жақты зияткерлік және шығармашылық өзін-өзі дамытуына ыңғайлы жағдайлар.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

БАС ОҚУ ҒИМАРАТЫ